Силлабус

«Қоғамдық денсаулық сақтау және дәлелді медицина негіздері» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы

Білім беру бағдарламасы **6В10115 «Медицина»**

1.	**Пән туралы жалпы мағлұмат**		
1.1	Пән коды: KDSDMN 3219	1.6	Оқу жылы: 2025-2026
1.2	Пән атауы: Қоғамдық денсаулық сақтау және дәлелді медицина негіздері	1.7	Курс: 3
1.3	Реквезитке дейінгі: мамандыққа кіріспе	1.8	Семестр: 5
1.4	Реквезиттен кейінгі: МӘМС және медициналық құқық	1.9	Кредит саны (ECTS): 5
1.5	Циклі: БП	1.10	Компонент: ЖК

2.	**Пәннің мазмұны (50 сөзден аспайды)**
ҚР халқының денсаулығын сақтау саясаты, денсаулық сақтау құрылымдарының қызметі, медициналық көмек түрлері, нормативтік-құқықтық аспектілері, этика және деонтология бойынша білімдерді қалыптастыру. Дәлелді медицина қағидаттары, науқасқа орталықтанған тәсіл, алдын алу негіздері, санитарлық-гигиеналық нормалар және халықтың денсаулығын нығайту үшін санитарлық-ағарту жұмыстары игеру.	

3.	**Жиынтық бағалау нысаны**		
3.1	Тестілеу ✅	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	Тәжірибелік дағдыларды бағалау ✅	3.8	Басқа (көрсету)

4.	**Пәннің мақсаты**
Қоғамдық денсаулық сақтау және дәлелді медицинаның негізгі түсініктерін меңгеру, ғылыми дәлелдер негізінде шешім қабылдау қабілетін дамыту және оларды халықтың денсаулығын жақсартуда тиімді қолдана білу.	

5.	**Пәнді оқытудың соңғы нәтижелері**	
1ОН	Медициналық зерттеулердің деректерін сипаттау үшін ең қолайлы статистикалық рәсімдерді түсіну. Халықтың демографиялық және денсаулық көрсеткіштерін есептей отырып, аурушаңдық, мүгедектік және өлім-жітім бойынша медициналық деректерді сипаттау үшін статистикалық әдістерді білу.	
2ОН	Гипотезаны құру, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін қою, ғылыми зерттеу әдістерін таңдау және әдебиеттерге шолу жасау, ақпарат іздеу үшін ғылыми зерттеу негіздерін түсіну қабілетін қолдану.	
3ОН	Дәлелді медицинаның негізгі терминдері мен принциптерін пайымдайды; дәлелді медицинаның электрондық деректер базасынан ақпаратты іздеу алгоритмін тұжырым жасайды: Medline, PubMed, Cochrane Library.	
4ОН	Эпидемиологиялық зерттеулердің жіктелуін түсінікті айтады. Аналитикалық, сипаттамалық, клиникалық зерттеулердің түрлерін ажыратады. Бақылаушылық және эксперименттік зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын ережелер мен талаптарын ойын анық жеткізу.	
5ОН	Деонтология принциптері туралы білімін емделуші мен медицина қызметкерлері арасындағы қарым-қатынаста этика принциптерін тиімді қолдана отырып, медициналық заңнамамен өз бетінше білім алу қабілетті.	
5.1	**Пәннің ОН**	**Пәннің ОН-мен байланысты ББ оқыту нәтижелері**
	1ОН	3ОН.Сапалы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін өз қызметін ҚР Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы шеңберінде жүзеге асырады.
	5ОН	4ОН.Тиімді ақпарат алмасуға және ынтымақтастыққа әкелетін этика ережелерін, деонтологияны және инклюзия принциптерін сақтау негізінде науқастармен, олардың отбасыларымен және медицина қызметкерлерімен тиімді қарым-қатынас жасайды.
	4ОН	7ОН.Денсаулық сақтау, қоршаған орта қауіпсіздігі ұйымдарында қоғамдық денсаулық сақтау, санитарлық-гигиеналық тәртібінің және еңбек қауіпсіздігі нормаларын ескереді.
	2ОН 3ОН	14ОН. Халықтың денсаулығын нығайту, денсаулықты сақтау және аурулардың алдын алу бойынша санитарлық ағарту іс-шараларын жүргізеді.

6.	**Пән туралы толық ақпарат**	
6.1	Кафедраның орналасқан жері: Шымкент қаласы, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы (ОҚМА) АҚ, Әл-Фараби алаңы 3, №4 оқу ғимараты, 2-і қабат, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы, эл.мекен-жайы: skmasmsoz@gmail.com.	

6.2	Сағат саны	Дәріс	Тәжір.сабақ	ОБӨЖ	БӨЖ
	Қоғамдық денсаулық сақтау	6	24	9	51
	Дәлелді медицина негіздері	4	16	6	34

6.3 **Пәнді оқу жоспары**

№	Апта/күн	Аудиториялық сабақ				Пәннің атауы
		Дәріс	Тәж.сабақ	ОБӨЖ	БӨЖ	
1	1 күн 1 апта	1	3	1	6	Қоғамдық денсаулық сақтау
2	2 күн 1 апта	1	3	1	6	Қоғамдық денсаулық сақтау
3	3 күн 1 апта	1	4	1	6	Қоғамдық денсаулық сақтау
4	4 күн 1 апта	1	3	2	6	Қоғамдық денсаулық сақтау
5	5 күн 1 апта	1	3	1	6	Қоғамдық денсаулық сақтау
6	6 күн 2 апта	1	4	1	6	Қоғамдық денсаулық сақтау
7	7 күн 2 апта	1	3	1	5	Қоғамдық денсаулық сақтау
8	8 күн 2 апта	1	3	2	6	Дәлелді медицина негіздері
9	9 күн 2 апта	1	4	1	6	Дәлелді медицина негіздері
10	10 күн 2 апта	1	3	1	6	Дәлелді медицина негіздері
11	11 күн 3 апта	-	3	1	6	Дәлелді медицина негіздері
12	12 күн 3 апта	-	4	2	5	Дәлелді медицина негіздері

7. Оқытушылар туралы мәліметтер

№	ПОҚ-ның тегі, аты-жөні	Дәрежесі мен лауазымы	Электрондық мекен-жайы
1.	Мүсірепова Забира Джайлаубаевна	аға оқытушы	zmusirepova73@mail.ru
2.	Курбанова Қарлығаш Тастанбековна	аға оқытушы	Karlygash_00@mail.ru
3.	Қабылбекова Диана Хайратовна	аға оқытушы, магистр	diana06.09.2021@mail.ru
4.	Павлова Елена Викторовна	аға оқытушы	Lena601985@mail.ru

8. Тақырыптық жоспар

Апта	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқытудың әдістері/ технологиялары	Бағалау түрлері/ әдістері
1	2	3	4	5	6	7
		Қоғамдық денсаулық сақтау				
1	**Дәріс** Қоғамдық денсаулық сақтаудың теориялық негіздері мен даму тарихы	Қоғамдық денсаулық сақтау ұғымы, оның негізгі мақсаттары, тарихи даму кезеңдері, классикалық және заманауи анықтамалары. Денсаулық сақтау ғылымы мен практикасындағы қоғамдық денсаулық рөлі.	2ОН	1	Кіріспе	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ Қоғамдық денсаулық сақтаудағы негізгі ұғымдар және денсаулықты өлшеу көрсеткіштері	Қоғамдық денсаулық ұғымы Денсаулық көрсеткіштері: өлім-жітім, сырқаттанушылық, мүгедектік Демографиялық көрсеткіштерді талдау Практикалық есептер: халық құрылымын сипаттау	1ОН	3	кіші топпен жұмыс	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару
	ОБӨЖ/БӨЖ Қоғамдық денсаулық сақтаудың тарихи даму кезеңдері *БӨЖ тапсырмасы:* *1. Денсаулық сақтаудың даму тарихындағы 3 маңызды оқиғаны сипаттап, маңызын талдау.* *2. Қазақстандағы алғашқы медициналық-санитарлық шаралар туралы шағын эссе жазу.*	Ежелгі өркениеттерден қазіргі заманға дейінгі қоғамдық денсаулық идеялары. Гигиена, вакцинация, санитарлық қозғалыстардың рөлі. Қазақстандағы қоғамдық денсаулықтың қалыптасу тарихы.	1ОН	1/ 6	Баяндама, презентация, тест тапсырмаларын орындау	ОБӨЖ / БӨЖ-на арналған чек парағы
2	**Дәріс**	Халық денсаулығының негізгі	1ОН	1	Шолу	Кері

	Халық денсаулығының көрсеткіштері және оларды бағалау әдістері	көрсеткіштері: өлім-жітім, өмір сүру ұзақтығы, аурушаңдық, мүгедектік, демографиялық көрсеткіштер. Оларды есептеу және бағалау әдістері.	5ОН			байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ Денсаулықтың әлеуметтік-экономикалық факторлары және әлеуметтік теңсіздік	Әлеуметтік детерминанттар: табыс, білім, еңбек жағдайы Қоғамдағы теңсіздік пен денсаулық Топтық талдау: нақты жағдайлардан мысалдар Денсаулықтың әлеуметтік паспортын құрастыру	4ОН	3	Case-study	Жағдайлық есептерді шешу
	ОБӨЖ/БӨЖ Денсаулық сақтау саласындағы этика және биоэтика *БӨЖ тапсырмасы:* *1. "Вакцинация міндетті болуы керек пе?" тақырыбында аргументтерді жинақтау.* *2. Әлемдік тәжірибеден биоэтикалық жағдайға мысал келтіру.* *3. Әлеуметтік желілерде медициналық ақпарат таратудың этикалық аспектілерін талдау.*	Қоғамдық денсаулықтағы этикалық мәселелер. Биоэтикалық принциптер: әділеттілік, ерікті келісім, зиян келтірмеу. Қоғамдық денсаулық бағдарламаларындағы этикалық дилеммалар.	1ОН 3ОН	1/ 6	Баяндама, презентация, тест тапсырмаларын орындау	ОБӨЖ / БӨЖ-на арналған чек парағы
3	**Дәріс.** Әлеуметтік-экономикалық факторлардың халық денсаулығына әсері	Денсаулықтың әлеуметтік детерминанттары: табыс, білім, еңбек жағдайы, тұрғын үй, экология. Әлеуметтік теңсіздік және оның денсаулыққа әсері.	4ОН	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ Эпидемиологиялық зерттеу түрлері және әдістерін қолдану	Бақылау, когорттық, көлденең зерттеулер Эпидемиологиялық көрсеткіштерді есептеу (инциденттік, превалентік) Жағдаяттық есептерді шешу Шағын зерттеу жоспарын құру	5ОН	4	кіші топпен жұмыс	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару
	ОБӨЖ/БӨЖ Қоршаған орта және халық денсаулығы *БӨЖ тапсырмасы:* *1. Өз аймағыңыздағы экологиялық проблеманы сипаттап, денсаулыққа ықпалын бағалау.* *2. "Жасыл қала" концепциясы бойынша шағын ұсыныс жобасын құру.* *3. Әлемдегі белгілі бір экологиялық апат пен оның халық денсаулығына әсерін талдау.*	Экологиялық факторлардың адам денсаулығына әсері. Ауаның, судың, тағамның сапасы және аурулардың таралуы. Урбанизация мен климаттың өзгеруі.	4ОН	1/ 6	Баяндама, презентация, тест тапсырмаларын орындау	ОБӨЖ / БӨЖ-на арналған чек парағы
4	**Дәріс** Сауықтыру және алдын алу шаралары: профилактиканың деңгейлері	Алдын алу медицинасының негіздері, профилактика деңгейлері: біріншілік, екіншілік, үшіншілік. Салауатты өмір салтын насихаттау, вакцинация, скринингтік бағдарламалар.	2ОН	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ Денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастырудың практикалық аспектілері	Денсаулық сақтау жүйесінің негізгі деңгейлері Қаржыландыру және басқару модельдері Қазақстандағы денсаулық сақтау жүйесінің ерекшеліктері Салыстырмалы талдау: шетелдік	1ОН 5ОН	3	Case-study	Жағдайлық есептерді шешу

		тәжірибелер				
	ОБӨЖ/БӨЖ Денсаулық мәдениеті және салауатты өмір салты *БӨЖ тапсырмасы:* *1. Өз күн тәртібіңіздің денсаулық мәдениеті тұрғысынан талдауын жасаңыз.* *2. Салауатты өмір салтын насихаттайтын постер немесе буклет дайындау.* *3. "Жастар мен зиянды әдеттер" тақырыбында шағын сауалнама құру.* **1-Аралық бақылау**	Денсаулық мәдениеті ұғымы. Салауатты өмір салтының компоненттері. Жастар арасында денсаулыққа көзқарас.	2ОН	2/ 6	Баяндама, презента ция тест тапсыр-маларын орындау **Тестілеу**	ОБӨЖ / БӨЖ-на арналған чек парағы
5	**Дәріс** Қоғамдық денсаулық сақтаудағы заманауи стратегиялар мен бағдарламалар	Жаһандық және ұлттық денсаулық сақтау стратегиялары. Қоғамдық денсаулықты нығайтуға бағытталған бағдарламалар.	1ОН	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ Алдын алу медицинасы: профилактика деңгейлері	Біріншілік, екіншілік және үшіншілік профилактика Вакцинопрофилактика, скринингтік бағдарламалар Топтық тапсырма: алдын алу шараларын жоспарлау Денсаулықты нығайту әдістері	5ОН	3	кіші топпен жұмыс	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару
	ОБӨЖ/БӨЖ Қоғамдық денсаулықтағы ақпараттық технологиялар *БӨЖ тапсырмасы:* *1. Денсаулыққа қатысты мобильді қосымшаны талдап, тиімділігін бағалау.* *2. Қоғамдық денсаулықтағы Big Data-ның артықшылықтары мен кемшіліктерін сипаттау.* *3. Телемедицинаның болашағына болжам жасау.*	Телемедицина, e-health, мобильді қосымшалардың рөлі. Денсаулық сақтау саласындағы Big Data. Халыққа ақпарат таратудағы жаңа медиа.	1ОН	1/ 6	Баяндама, презента ция, тест тапсыр-маларын орындау	ОБӨЖ / БӨЖ-на арналған чек парағы
6	**Дәріс** Денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыру және басқару негіздері	Денсаулық сақтау жүйесінің құрылымы, ұйымдастыру қағидаттары, басқару модельдері. Медициналық қызметті қаржыландыру тәсілдері.	5ОН	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ Қоғамдық денсаулықтағы қауіп факторларын бағалау	Темекі, алкоголь, дұрыс тамақтанбау, гиподинамия Қауіп факторларын зерттеу әдістері (сауалнама, скрининг) Жағдаяттық есептер: қауіпті мінез-құлықты талдау Деректер негізінде қорытынды жасау	5ОН	4	Case-study	Жағдайлық есептерді шешу
	ОБӨЖ/БӨЖ Халықаралық ұйымдар және жаһандық денсаулық *БӨЖ тапсырмасы:* *1. ДДСҰ-ның бір бағдарламасын талдап, оның нәтижесін сипаттау.* *2. Халықаралық ұйымдардың*	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) мен басқа ұйымдардың рөлі. Халықаралық бағдарламалар: ВИЧ/ЖИТС, туберкулез, COVID-19. Қазақстанның жаһандық денсаулық бастамаларына қатысуы.	3ОН	1/ 6	Баяндама, презента ция, тест тапсырмала рын орындау	ОБӨЖ / БӨЖ-на арналған чек парағы

	Қазақстандағы жобаларына мысал келтіру. *3. "Жаһандық денсаулық қауіптері" тақырыбында шолу жазу.*					
7	**Дәріс.** Дәлелді медицинаға кіріспе. Медициналық тәжірибеде қолданылуы.	ДМ термині туралы түсінік: «фактілерге негізделген медицина», «ғылыми негізделген медициналық тәжірибе», немесе «ғылыми дәлелденген медицина» Клиникалық эпидемиология туралы түсінік, оның мақсатымен міндеттері	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Қоғамдық денсаулық сақтаудағы жаһандық және заманауи мәселелер	Жаһандық денсаулық проблемалары (COVID-19, климаттық өзгерістер) Урбанизация және миграцияның денсаулыққа әсері Цифрлық денсаулық сақтау (e-health, telemedicine) Қазақстандағы заманауи мәселелерді талдау	5ОН	3	кіші топпен жұмыс	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару
	ОБӨЖ/БӨЖ Қоғамдық денсаулықтағы көшбасшылық және басқару *БӨЖ тапсырмасы:* 1. Қоғамдық денсаулық саласында белгілі бір көшбасшыны зерттеу. 2. Денсаулық сақтау ұйымындағы басқару үлгісін сипаттау. **2-Аралық бақылау**	Денсаулық сақтау саласындағы көшбасшының рөлі. Қоғамдық денсаулықтағы басқару модельдері. Көшбасшылық қасиеттерді дамыту жолдары.	5ОН	1/ 5	Баяндама, презентация **Тестілеу**	ОБӨЖ / БӨЖ-на арналған чек парағы
	Дәлелді медицина негіздері					
8	**Дәріс.** Дәлелді медицина методологиясы және базалық принциптері.	ДМ - ның көптеген терминологиялары пәнге түсінік береді, ДМ-ның спецификалық құралдарын қолдану: клиникалық практикалық нұсқаулар, жүйелі шолу, денсаулық сақтауды дамыту үшін мета-талдау.	ОН3	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Дәлелді медицинаның анықтамасы. ДМ даму тарихы. Дамудың әлемдік тәжірибе. Дәлелді медицинаның құралдары мен терминдері.	ДМ әр түрлі анықтамаларын талдау, оның мазмұны және айыруы. Дәлелді медицинаның қалыптасу тарихы және себептері. Дүние жүзілік даму тәжірибесі және Қазақстандағы дамуы. Дәлелді медицинада қолданылатын терминологияның мәні, оларға түсініктеме беріңіз. Дәлелді медицина құралдарын атаңыз және оларды клиникалық практикада қолдану мүмкіндігі.	ОН1	3	Case-study	Жағдайлық есептерді шешу
	ОБӨЖ /БӨЖ Дәлелді денсаулық сақтау. Құрастырылған сұрақтардың түрлері: диагноз, емдеу, этиология және болжау. *БӨЖ тапсырмасы:* Диагностика тұжырымдамасы. Емдеудің түсінігі және түрлері. Этиологияның тұжырымдамасы. Болжау тұжырымдамасы.	Денсаулық сақтау жүйесін дамытудың басым бағыттарын анықтау. Медициналық көмек көрсетудің стандарттарын әзірлеу және бағдарламаларын қалыптастыру. Диагностика тұжырымдамасы. Емдеудің түсінігі және түрлері. Этиологияның тұжырымдамасы. Болжау тұжырымдамасы.	ОН1	2/6	Баяндама, презентация, тест тапсырмаларын дайындау	ОБӨЖ / БӨЖ-на арналған чек парағы

9	**Дәріс.** Дәлелділік иерархиясы. Дәлелділік пирамидасы. Дәлелділік дәрежелері (ABCD).	Дәлелді медицина әрбір науқасты тексеру, емдеу адалдықпен, түсінушілікпен және статистикалық әдіспен өңделген ең жақсы, заманауи жетістіктерге негізделген қолдануды қамтамасыз етеді.	ОН3	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Клиникалық эпидемиология: анықтамасы, даму тарихы, негізгі принциптері мен тәсілдері	Болжамның дәлдігін қамтамасыз ету үшін қатаң ғылыми тәсілдерді қолданумен зерттелетін нақты жағдайларды болжауға мүмкүндік беретін ғылым ретінде клиникалық эпидемиологияны түсіну. КЭ даму тарихы, зерттеудің қағидаларын және тәсілдерін талдау.	ОН3	4	кіші топпен жұмыс	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару
	ОБӨЖ /БӨЖ Клиникалық ақпараттың сапасы, оны түсіндіру. Мәселелік дәрілер туралы түсінік. Қазіргі фармакотерапияның дамуындағы дәлелді медицинаның рөлі. *БӨЖ тапсырмасы:* Бақыланатын зерттеудің сенімділік және анықтық факторлары. Рандомизация тәсілдері.	Медицинадағы авторитарлық қатынастар жүйесі. Медициналық "мектептерді"қалыптастыру.	ОН4	1/6	Баяндама, презентация, тест тапсырмаларын дайындау	ОБӨЖ / БӨЖ-на арналған чек парағы
10	**Дәріс.** Дәлелділік критерилеріне жауап беретін медициналық электрондық мәліметтер қоры.	Дәлелді медицина көзқарасымен дәрілік затты таңдаудағы мәселелер. Қазіргі фармакотерапияның дамуындағы дәлелді медицинаның рөлі.	ОН2	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Кокрайн кітапханасы, MEDLINE, EMBASE. PubMed – іздестіру әдістемесі, іздестіру құралдары.	Медициналық ақпаратты библиографиялық іздеу жүйесі туралы түсінік – Medline, мәліметтер базасының артықшылықтары мен кемшіліктері. Интернетте ақпаратты іздеу. Дәлелді медицинада электрондық деректер қорын пайдалану.	ОН4	3	Case-study	Жағдайлық есептерді шешу
	ОБӨЖ /БӨЖ Дәлелді медицина Дәрілік заттарды жылжыту құралы ретінде. Дәрілік заттарды дұрыс емес жарнамалау белгілері. Дәлелді медицина тұрғысынан практикада дәрілік препараттарды таңдау мен тағайындаудың клиникалық-фармакологиялық тәсілдері. *БӨЖ тапсырмасы:* Дәрілік заттардың өзара әрекеттесуі. Әр түрлі ауруларды емдеуде клиникалық-фармакологиялық ұсынымдар. **1-Аралық бақылау**	Дәлелді медицинаны анықтау. Дәлелді медицинаның және дәрілік заттарды жылжытудың өзара байланысы. Дәрілік заттарды жылжыту үшін жарнаманың рөлі. Дәрілік препараттардың дәлелдеу деңгейлері.	ОН4	1/6	Баяндама, презентация, тест тапсырмаларын дайындау **Тестілеу**	ОБӨЖ / БӨЖ-на арналған чек парағы
11	**Тәжірибелік сабақ.** Дәлелді медицинаның бес сатысы. Дәлелді медицинаның бірінші сатысы. PICO-принципін қолдана отырып, проблемаларды қалыптастыру.	ДМ-ның бес сатысы: 1.Жауап алуға мүмкіншілігі бар сұрақ беру 2. Ең жақсы дәлел табыңыз 3.Дәлелді сын көзбен бағалаңыз 4.Клиникалық сараптама немесе пациенттің талабына сәйкес көзқараста дәлелді анықтап қараңыз 5.Дәлелді технологияны ендіру	ОН2	3	кіші топпен жұмыс	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару

		Бірінші саты – зеттреуді зейіндеуге бағытталған анық түйінді сұрақты түзу, дереккорда іздеу жүргізуге және зерттеуде анық белгілерді түзуге пайдалы.				
	ОБӨЖ /БӨЖ Дәлелді алдын алу. Скринингтік бағдарламалардың негізгі түрлері, нәтижелерін енгізу және талдау мәселелері. Дәлелді медицина және маркетинг. *БӨЖ тапсырмасы:* Денсаулық сақтаудағы маркетинг түсінігі. Дәлелді медицина және маркетинг байланысы.	Медицинадағы авторитарлық қатынастар жүйесі. Медициналық "мектептерді"қалыптастыру. Бақыланатын зерттеудің сенімділік және анықтық факторлары. Рандомизация тәсілдері.	ОН3	1/6	Баяндама, презентация, тест тапсырмаларын дайындау	ОБӨЖ / БӨЖ-на арналған чек парағы
12	**Тәжірибелік сабақ.** ДМ сүзгілері арқылы Интернеттен ақпарат іздеу. Мәліметтерді сыни бағалау. Медициналық мәліметтерді статистикалық талдау негіздері.	ДМ сүзгілерінің түрлері. AND, OR, NOT логикалық операторлары Алынған ақпаратты сыни бағалау алгоритмі. Дәлелдемелердің мәні. Дәлелдеу деңгейлері. Статистикалық талдау негіздерін зерттеу. Статистикалық зерттеу туралы түсінік.	ОН4	4	Case-study	Жағдайлық есептерді шешу
	ОБӨЖ /БӨЖ Клиникалық зерттеулер жүргізетін Этикалық аспектілер. Этикалық комитеттер. *БӨЖ тапсырмасы:* Басқарманың негізгі функциялары. жоспарлау кезеңдері. болжау, модельдеу, бағдарламалау мақсаты. **2-Аралық бақылау**	Клиникалық зерттеулер жүргізудің этикалық аспектілері. Этикалық комитеттер. Ақпараттық келісім.	ОН5	2/5	Баяндама, презентация, реферат, тест сұрақтарын дайындау **Тестілеу**	ОБӨЖ / БӨЖ-на арналған чек парағы
Аралық аттестацияны дайындау және өткізу (ААДӨ)			15			

9.	**Оқыту әдістері және бағалау түрлері**	
9.1	Дәріс	Кіріспе, шолу, Кері байланыс сұрақтары
9.2	Тәжірибелік сабақ	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шешу, кіші топпен жұмыс, Case-study
9.3	БӨЖ/ОБӨЖ	Баяндама, презентация, тест тапсырмаларын орындау, ОБӨЖ / БӨЖ-на арналған чек парағы
9.4	Аралық бақылау	Тестілеу
10.	**Бағалау критерийлері**	
10.1	**Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері**	

ОН №	**Білім беру нәтижелерінің атауы**	**Қанағаттанарлықсыз**	**Қанағаттанарлық**	**Жақсы**	**Өте жақсы**
1ОН	Медициналық зерттеулердің деректерін сипаттау үшін ең қолайлы статистикалық рәсімдерді түсіну. Халықтың демографиялық және денсаулық көрсеткіштерін есептей отырып, аурушаңдық,	1) статистикалық популяцияларды сипаттау үшін статистикалық көрсеткіштер мен параметрлерді таңдау кезінде қателіктер жібереді; 2) деректерді көрнекі түрде көрсету әдістерін таңдау кезінде қателіктер жібереді; 3) нақты мәселені	1) статистикалық популяцияларды сипаттау үшін кейбір статистикалық көрсеткіштер мен параметрлерді таңдайды; 2) деректерді көрнекі түрде көрсетудің кейбір әдістерін анықтайды; 4) айнымалылар	1) статистикалық жиынтықтарды сипаттау үшін негізгі статистикалық көрсеткіштер мен параметрлерді таңдайды; 2) деректерді көрнекі түрде көрсетудің негізгі әдістерін анықтайды; 3) нақты мәселені	1) статистикалық популяцияларды сипаттау үшін барлық қажетті статистикалық көрсеткіштер мен параметрлерді таңдайды; 2) деректерді көрнекі түрде көрсетудің әртүрлі әдістерін анықтайды; 3) нақты мәселені шешу үшін қажетті

	мүгедектік және өлім-жітім бойынша медициналық деректерді сипаттау үшін статистикалық әдістерді білу.	шешу үшін қажетті әдісті таңдау қиынға соғады;	арасындағы байланысты бағалаудың параметрлік және параметрлік емес әдістерін ажырата алмайды;	шешу үшін қажетті әдісті таңдау алгоритмін тұжырымдайды; 4) салыстырмалы статистиканың параметрлік және параметрлік емес әдістерін жіктейді; 5) айнымалылар арасындағы байланысты бағалаудың параметр-лік және параметр-лік емес әдістерін жіктемейді;	әдісті таңдау алгоритмін тұжырымдайды; 4) салыстырмалы статистиканың параметрлік және параметрлік емес әдістерін жіктейді; 5) айнымалылар арасындағы байланысты бағалаудың параметрлік және параметрлік емес әдістерін жіктейді.
2 ОН	Гипотезаны құру, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін қою, ғылыми зерттеу әдістерін таңдау және әдебиеттерге шолу жасау, ақпарат іздеу үшін ғылыми зерттеу негіздерін түсіну қабілетін қолдану.	1) зерттеу болжамын тұжырымдай алмайды; 2) әдебиеттерге шолу жасау үшін ақпарат іздеуді білмейді; 3) ғылыми зерттеуге болжам жасаудың негізгі талаптарын қалай тұжырымдау керектігін білмейді;	1) әдебиеттерге шолу жасау үшін ақпаратты іздеуді біледі; 2) зерттеу болжамын жасауды білмейді; 3) зерттеу түрлерін тұжырымдай алмайды; 4) ғылыми зерттеуге болжам жасаудың негізгі талаптары туралы жауап беру қиынға соғады;	1) ғылыми зерттеудің қандай әдістері бар екенін түсіндіреді; 2) ғылыми зерттеудің негізгі кезеңдерін түсіндіреді; 3) ғылыми зерттеуге болжамды тұжырымдайды; 4) дәстүрлі кітапхана каталогтары мен мәліметтер қорын пайдалануды, сондай-ақ онлайн іздеуді жүзеге асыруды білмейді;	1) әдебиеттерге шолу жасау үшін ақпаратты іздеуді біледі; 2) ғылыми зерттеу әдістерін таңдай отырып, болжамды тұжырымдайды 3) ғылыми зерттеу болжам құрудың негізгі талаптарын тұжырымдайды; 4) логикалық қайшылықтарсыз және сөйлеу қателерінсіз дәстүрлі кітапхана каталогтары мен мәліметтер қорын сауатты пайдалануды біледі.
3 ОН	Дәлелді медицинаның негізгі терминдері мен принциптерін пайымдайды; дәлелді медицинаның электрондық деректер базасынан ақпаратты іздеу алгоритмін тұжырым жасайды: Medline, PubMed, Cochrane Library.	1.Дәлелді медицинаның негізгі терминдері мен принциптерін білмейді. 2.Дәлелді медицинаның электрондық дерекқорынан ақпарат іздеуді білмейді. 3.ДМ-нің анықтамасы мен даму тәжірибесін білмейді.	1.Дәлелді медицинаның анықтамасын біледі. 2.Дәлелді медицинаның даму тарихын айта алады. 3.Әлемдік даму тәжірибесін айта алады.	1.ДМ терминдері мен принциптерін біледі. 2.Medline дерекқорында жұмыс істей алады. 3. PubMed дерекқорында жұмыс істейді.	1.Дәлелді медицинаның терминологиясы мен құралдарын қолданады. 2.Дәлелді медицинаның электрондық деректер базасында ақпарат іздейді. 3.ДМ негізгі принциптері мен әдістемесін талдайды.
4 ОН	Эпидемиологиялық зерттеулердің жіктелуін түсінікті айтады. Аналитикалық,	1. Клиникалық эпидемиологияның даму тарихы, негізгі принциптері және анықтамасын білмейді.	1.Эпидемиологиялық зерттеулердің жіктелуін айта алады. 2.Дәлелдеу критерийлеріне	1.Сенімділік деңгейлерін (ABCD) салыстырады. 2.Клиникалық зерттеу сапасының жіктелуін	1.Аналитикалық, сипаттамалық және клиникалық зерттеулердің түрлерін талдайды. 2.Бақылау және

	сипаттамалық, клиникалық зерттеулердің түрлерін ажыратады. Бақылаушылық және эксперименттік зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын ережелер мен талаптарын ойын анық жеткізу.	2.Зерттеу әдістерін түсінбейді. 3.Клиникалық ақпараттың сапасын түсінбейді.	сәйкес келетін медициналық электрондық мәліметтер базасын тізімдейді. 3.Мәліметтер базасында іздеу жүргізеді.	қолданады. 3. Дәлелдерді клиникалық сараптама және пациенттердің қажеттіліктері тұрғысынан қарастырады.	эксперименттік зерттеулерді түсіндіреді. 3.Дәлелдеу иерархиясын анықтайды. 4. Дәлелдеу пирамидасын талдайды.
5 О Н	Деонтология принциптері туралы білімін емделуші мен медицина қызметкерлері арасындағы қарым-қатынаста этика принциптерін тиімді қолдана отырып, медициналық заңнамамен өз бетінше білім алу қабілетті.	1) медициналық этика мен деонтологияның айырмашылығы туралы жауап беру қиынға соғады; 2) дәрігерлік этика принциптерін білмейді; 3) емделуші мен қызметкерлер арасындағы қарым-қатынаста этика принциптерін қолдана алмайды; 4) денсаулық сақтау этикасы түсінігіне не кіретінін білмейді	1) медициналық этика мен деонтологияның айырмашылығы туралы біледі. 2) дәрігерлік этиканың негізгі принциптерін біледі және деонтология; 3) деонтология принциптері туралы білімді медициналық заңнамамен біріктіре алмайды және этика принциптерін қолдана алмайды; 4) дәрігерлік этика қағидаларын біледі	1) дәрігерлік этика принциптерін атай алады; 2) этикалық принциптер туралы біледі; 3) денсаулық сақтаудың этикалық кодексін біледі; 4) медициналық этика мен деонтологияның айырмашылығы туралы біледі.	1) денсаулық сақтау этикасы түсінігіне не кіретінін біледі; 2) дәрігерлік этиканың негізгі принциптерін біледі және деонтология; 3) деонтология принциптері туралы білімін медициналық заңнамамен біріктіре алады және этика принциптерін қолдана алады; 4) емделуші мен қызметкерлер арасындағы қарым-қатынаста этика принципте-рін қолданады

10.2 Бағалау әдістері және критерийлері

Тәжірибелік сабаққа арналған чек парағы

Бақылау түрі	Баға	Бағалау критерийлері
Ауызша сұрау	A (4,0;95-100%)	Сұрақты толық және терең ашады. Материалды өте жақсы біледі және терминологияны сенімді қолданады. Ойларын логикалық және бірізді түрде жеткізеді. Мысалдар келтіреді, талдау және қорытынды жасау қабілеті бар. Оқытушының қосымша сұрақтарына сенімді жауап береді.
	A- (3,67; 90-94%)	Жауабы толық және қисынды. Аздаған дәлсіздіктер мағынаны өзгертпейді. Тақырыпты терең меңгергенін көрсетеді. Дәлелдері нақты, сөйлеуі сенімді.
	B+ (3,33;85-89%); B (3,0 ;80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33;70-74%).	-Материал жеткілікті толық ашылған. Білімі сенімді, бірақ кейбір бөлшектерде кемшіліктер бар. Нақтылау сұрақтарына жауап бергенде аздаған сенімсіздік болуы мүмкін. -Жауабы дұрыс, бірақ әрдайым терең емес. Кейбір тұжырымдарда ұсақ қателер бар. Мысалдарды қолданады, бірақ кейде орынды емес. -Жауабы жалпы дұрыс, бірақ дәлелдері жеткіліксіз. Тақырыптың кейбір қосымша жақтары ашылмаған. Нақтылау үшін оқытушының көмегін қажет етеді. -Негізгі мазмұны меңгерілген. Жауабы толық емес, бірақ дұрыс. Терминологияны сенімсіз қолданады.
	C 2,0;(65-69%); C- (1,67;60-64%); D+(1,33;55-59%) D (1,0;50-54%).	-Тақырыпты үстірт түсінген. Жауабы жартылай дұрыс, талдау жоқ. Қателер бар, бірақ жалпы мағынасы сақталған. -Жауабында дәлсіздіктер бар, маңызды тұстар жіберілген. Нақтылау сұрақтарына жауап беруде қиналады. -Жауабы толық емес, үзінді түрінде берілген. Көптеген қателер бар. Оқытушының

		үнемі көмегін қажет етеді. -Тақырыпты білуі шектеулі, көбіне жаттап алған мәтінді қайталайды. Мазмұнның мәнін іс жүзінде түсінбейді.
	FX(0.5;25-49)	Жауабы тақырыптың негізгі мазмұнын ашпайды. Айтарлықтай қателер бар. Жауапта логика мен құрылым жоқ. Тақырыпты жартылай түсінеді.
	F(0;0-24)	Жауабы жоқ немесе мүлдем дұрыс емес. Материал меңгерілмеген. Негізгі ұғымдарды да түсінбеген. Жеңіл бағыттаушы сұрақтарға да жауап бере алмайды.
Бақылау түрі	**Баға**	**Бағалау критерийлері**
Жағдайлық есептерді шешу	A (4,0;95-100%)	Шешім толық дұрыс және логикалық тұрғыда негізделген. Жағдайды, себеп-салдар байланысын және клиникалық ойлауды терең түсінген. Ең тиімді шешім стратегиясы таңдалған. Жауабы нақты, дәлелді және логикаға негізделген.
	A- (3,67; 90-94%)	Шешім негізінен дұрыс, логикалық тізбегі сақталған. Ұсақ дәлсіздіктер қорытындыға әсер етпейді. Мәселенің мәнін түсінген, таңдауын сенімді түрде түсіндіреді.
